

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тергеу изоляторларын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарауына берудің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қаңтардағы N 17 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 1255 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі тергеу изоляторларын, соның ішінде салынып жатқан тергеу изоляторларын, сондай-ақ 2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолда бар тергеу изоляторларының мүлкін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне беруді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне берілетін функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес штат санының лимиттерін беру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізсін;

2) 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген тиісті қаржының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне берілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*